

**ТҮРІК ТІЛІН ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕ
ON THE TEACHING TURKISH FOR FOREIGNERS**

Йохан ВАНДЕВАЛЛЕ*

Түйіндеме

Мақалада автор түрік тілін шетелдіктерге (фламандықтарға) оқыту саласындағы қырық жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, бұл тақырып жөніндегі өз ойы мен ұсыныстарын білдіреді. Сондай-ақ мақала авторы өзі құрастырған «Haydi Türkçe Konuşalım» атты оқулығында қолданылған және оны өзге оқулықтардан ажырататын жалпы принциптерді түсіндіреді. Автордың ойынша, курстың нәтижелілігі мен студенттердің қызығушылығын арттыратын бұл принциптерді әрбір студент, әрбір тілді үйренуші пайдалануға болады. Екінші жағынан, автор өз студенттерінің түрік тілін оқу барысында фонология, морфология, синтаксис пен лексика салаларында кездесетін қиындықтарды және оларды шешудің жолдарын да қарастырады.

Кілт сөздер: Тілді оқыту принциптері, коммуникациялық жүйе, тілдік тәжірибе, фонологиялық қиындықтар, морфологиялық қиындықтар, синтактикалық қиындықтар, лексикалық қиындықтар.

Summary

In this article, drawing on 40 years of experience in teaching Turkish to Flemish adults and students, the author communicates his personal observations and suggestions in this domain. In the first part of the article, a number of general principles are explained, which have deliberately been included in Haydi Türkçe Konuşalım, the course book compiled by the author, and which differentiate it from other course books. According to the author, these principles, which increase both the course's effectiveness and the students' interest, can be applied to all types of students and languages. In the second part, the author discusses the problems encountered by his own students while studying Turkish in terms of phonology, morphology, syntax and lexicon, and describes the solutions to these problems. Their struggles can be attributed to the huge expanse between the Turkish language and the Flemish students' mother tongue and their other foreign languages. For each Turkish structure discussed, the question is raised whether the same structure causes a problem for Kazakh students or not.

Key words: Principles of foreign language teaching, communicative system, language experience, phonological difficulties, morphological difficulties, syntactic difficulties, lexical difficulties.

* Доктор, Гент университеті, Гент- Бельгия.
Dr., Ghent University, Ghent -Belgium. E-mail: j.vandewalle@ugent.be

1. Түрік тілін кімдерге оқытамыз, оқыттық? Мен алғаш рет 1973 жылы, 13 жасымда, ата-анаммен бірге Түркияға жасаған саяхатымызда түрік тілінде сөйледім. Түрік халқы мені өте жылы, өте қонақжай түрде қарсы алды. Сол себепті екі жылдан соң екінші реткі Түркия саяхатынан кейін түрік тілін толық үйренуге шешім қабылдадым. Бірінші сабағымды 1977 жылы орта мектептің соңғы класында бердім. Бірінші оқушым Түркияға саяхатқа шығуды жоспарлаған француз тілінің мұғалімі болды. Университетте оқып жүрген кезімде жеке адамдарға түрік тілінен сабақ берсем, 1985 жылы Гент университетінің Шетел тілдері орталығында екі түрік тілі курсын ұйымдастырдым. Бұл курстарға студенттер және түрік тілін үйренгісі келетін жандар қатысты. Сондай-ақ Гент қаласындағы тағы бір қоғамдық ұйыммен бірге түрік тілі курсын ұйымдастырдым. 1993 жылы әйелім Линда Гезелспен бірге өз институтымыз «Ориентал, Шығыс тілдері мен мәдениеттерін оқыту орталығын» аштық. Түрік тілі және араб тілін үйрету курстарын ұйымдастырдық. Бұл курсқа да студенттер мен тіл үйренгісі келетін түрлі мамандық иелері қатысты. 2006 жылы Гент университетінің Тілмаштық және аудармашылық департаментінде түрік тілі бөлімі ашылғанда, бөлім басшысы ретінде студенттерге түрік тілінен сабақ бердім. “Науди Түркçe Конушалым” атты түрік тілін оқыту тәжірибелеріміздің негізінде құрастырылған екі томдық оқулық 2008, 2012 жылдары баспадан шықты.

Оқулықтың мазмұнын түсіну үшін ең алдымен түрік тілі курстарының контекстіне және курсқа қатысушылардың ерекшеліктеріне назар аудару керек. Контекст тұрғысынан екі факт маңызды болды: Бірінші факт: 1964 жылдан бастап Бельгия мен Түркия арасында қол қойылған келісім негізінде жұмыс істеу мақсатымен Бельгияға Түркиядан иммигранттар келе бастады, Бельгия қоғамы ішінде Түрік ұлттық қоғамы пайда болды. Екінші факт: Түркия 1970 жылдан соң Бельгиялықтар үшін тартымды бір демалыс елі (орны) бола бастады.

Түрік тілі курсындағы тіл үйренушілер тобы мынадай категориялардан тұратын:

- түрік тілін Түркияда қолданғысы келетін туристер, гидтер, археологтар;

- түрік тілін Бельгияда қолданғысы келетін, мамандықтары бойынша Бельгияға келіп білім жетілдіріп жатқан түріктермен кездесетін оқытушылар, дәрігерлер, медбикелер, дәріханашылар,

полицейлер, әлеуметтік қызметкерлер, т. б.;

- түрік достары бар, түрік ұлтының жігітіне тұрмысқа шыққан немесе үйленген бельгиялықтар

Бұлардың түрік тілін ең алдымен практикалық мақсаттармен, практикалық мұқтаждықтары үшін үйренетіні айқын, яғни филологиялық немесе лингвистикалық мақсатпен үйренбейді. Бұл ерекшелік тәсілімізге практикалық бағдарын берді.

Түрік тілін үйренушілердің тіл тұрғысынан ерекшеліктерін қарастырайық: олардың барлығы фламандықтар, яғни Бельгияның солтүстік өңірлерін мекендейтін, ана тілі ретінде нидерландша сөйлейтін ұлттан болды. Нидерланд тілі үндіеуропалық тіл шоғырындағы герман тілдері тобына жатады, 23 миллион адам сөйлейтін бір тіл. Бұған ең жақын тілдер - неміс және ағылшын тілдері. Курсқа қатысушылар көбінесе шетел тілі ретінде басқа Батыс Еуропа тілдері – ағылшын, француз, неміс тілдерін де білетін. Кейбіреулері орта мектепте латын тілін немесе көне грек тілін де таңдаған. Курсқа қатысушылардың ортасында туристік мақсатпен итальянша, испанша үйренгендер де болды. Демек барлық қатысушылар түрік тілін үйрену барысында бір немесе одан да көп шет тілін оқу тәжірибесіне сүйене алатын. Мысалы, олар жаңа сөздерді жаттап алудың жолдарын білетіндіктен, сол үшін арнайы әдістер ойлап табуымыздың қажеті болмады. Тіл үйренушілердің бұл тәжірибелері оқулықты құрастыруда бізге жеңілдік келтірді.

Қазіргі кезде университетте курстарға негізінен студенттер қатысады, яғни олар – болашақ аудармашылар мен тіл мамандары. Олардың әлі нақты мамандықтары болмағандықтан оқулықтың практикалық бағдары оларға өте ұнайды, олар үшін ыңғайлы. Шетел тілін оқу тәжірибелері біздегі тіл үйренушілер тобының тәжірибесімен бірдей.

2. Түрік тілін оқыту барысында қандай принциптерге сүйенеміз? Тақырыптарды іріктеп алғанда **ең пайдалы, ең қажетті тақырыптардан** бастадық. Әр этапта жаңадан үйренетін тақырып бұрынғы тақырыптармен астасып жатады. Студент немесе курсқа қатысушы белгілі ситуацияларда қатынас жасай алатынын сезеді. Тақырыптарды оқып шығайық:

1. Біреумен танысу.
2. Дүкеннен зат сатып алу.
3. Мейрамханада тамақтану.
4. Көшеде жолды сұрау.

5. Автобуспен жол жүру.
6. Мектепте сабаққа қатысу.
7. Бір үйге қонаққа бару.
8. Отбасы туралы айту.
9. Қаланы аралау.
10. Гидтің түсініктемелерін тыңдау.
11. Дәріханаға, дәрігерге бару.
12. Бір күнде не жасайтынын түсіндіру.
13. Қиыншылықтармен кездесу, полиция учаскесіне бару.
14. Қонақ үйіне түсу.

- Басты форма ретінде диалогты таңдап алдық. Әр диалогтың жоспары бір сценарийге ұқсайды: мысалы мейрамханаға кіруден бастап шығуға дейін қандай сөйлемдер қолданылады? Диалогтық бірліктерге бай диалогтар, коммуникативтік қызметтерді атқару үшін қажетті формулалар, қолдануға әзір сөйлемдер, штамптар мен клишелер қамтылды. Диалогтарды жазу барысында саяхаттарда жинаған өз тәжірибелеріміз бен тілашарлардағы сөйлемдерді пайдаландық.

Бір тақырыпты меңгеру барысында студенттің сол ситуацияға қатысты барлық сұрақтарды қоя алатын және жиі қойылатын барлық сұрақтарға жауап қайтара алуы мақсатымыздың толық орындалғанының көрінісі болады.

Диалогтардың бір ерекшелігі мынадай: іс жүзінде жаңа ситуацияларға көшірілуі жеңіл болады. Сол мақсат үшін студенттің сөйлемдердегі кейбір сөздерді өзгертуі жеткілікті.

Студенттерге бұл диалогтарды үйде дауыстап оқуды, жаттап алуды, мүмкін болса түрік достарымен іс жүзінде жаттығуды ұсынамыз. Университетте ұйымдастырылған арнайы сұхбаттасу сабақтарында диалогты рөлдік ойындармен жаттықтырамыз.

- Диалогтарды бірте-бірте монологқа, монологтарды мәтінге айналдырамыз. Бірінші сатыда диалогтардағы репликалар қысқа болады. Екінші сатыда диалогтардағы кейбір репликалар ұзарып, қысқа монологтарға айналады. Содан соң монологтардан қысқа мәтіндерге көшуге болады. Оқулықтың екі томын бітіргеннен кейін өте қысқа газет хабарландырулары (жарты бет), қысқартылған халық ертегілері/аңыздары (жарты бет), хаттар (2-3 бет) және әңгімелер мен роман үзінділерін (10 бет) оқытамыз. Мәтіндерді іріктеп алу барысында студенттерді қызықтыратын және оларға түрік мәдениетін таныстыратын мәтіндер болуына көңіл бөлеміз.

Й. Вандевалле. Түрік тілін шетелдіктерге оқыту жөнінде

- Тілді ең алдымен бір коммуникация жүйесі, бір қатынас құралы ретінде қабылдаймыз. Сол үшін сабақта нағыз коммуникацияны жүзеге асыруды көздейміз.

Мысалы, студенттер бір-біріне сұрақтар қойып, бір-бірімен танысады. Студенттер бір оқиға туралы түрік тілінде өз ойын білдіреді.

Кейбір жаттығулар үшін студенттер екі немесе одан көп топқа бөлінеді, әр топқа әр түрлі ақпарат беріледі. Студенттер өзге топтар білетін ақпаратты сұрақтар қою арқылы үйренуге тырысады.

Студент қателесіп сөйлемнің мағынасын өзгертсе, яғни коммуникацияға зиян келтірсе, түсінбеген адамдай әрекет етеміз. Осылай студент мұндай қателер тудыратын түсінбеушілікті сабақта да сезеді.

- Жаттығуларға да коммуникативтік бағдар беруге тырысамыз. Кейбір сұрақтарға жауап беру студенттерден грамматикалық жүйені меңгеруді талап етеді. Мысалы:

1. Сұраққа болымсыз түрде жауап беріндер

Arkadaş-ımız-ı gör-dü-nüz mü?

Жауап: Hayır, arkadaş-ımız-ı gör-me-di-m.

Бұл мысалда студент тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауын өзгертеді, сұраулы сөйлемді хабарлы сөйлемге, болымды түрді болымсыз түрге айналдырады.

- әсіресе грамматикалық жаттығуларда әрқашан студенттерді жауап беріп жатқанда ойлануға, сөйлемнің мазмұнына назар аударуға үйретеміз. Мысалы,

а. етістікті жіктеңіз:

Dışarıdan çok gürültü geliyor, lütfen pencereyi kapat-...

Жауап: ...-ıg mısınız?

орнына

б. дұрыс жіктелген бір етістікпен толықтырыңыз:

Dışarıdan çok gürültü geliyor, lütfen pencereyi...

Жауап: ... kapatır mısınız?

«а» әрпіндегі жаттығудың кемшілігі мынада: жаттығуды орындау үшін соңғы сөзге қарау жеткілікті, мағынаны түсінудің қажеті жоқ. Студенттер ойлансын деп кейбір жаттығуларда бірден көп қиындықты да біріктіреміз.

- диалогтар мен жаттығуларға мәдениет, тарих, география, салт-дәстүрлермен байланысты ақпарат қосамыз. Студенттеріміздің әр Түркия азаматы білетін жалпы ақпараттан хабардар болуы түрік шындығын түсінуі үшін қажетті. Бұдан басқа бұл мағлұмат

студенттердің курсқа қызығушылығын да арттырады. Олардың түрікше сөздік қоры мен грамматикалық білімі төменгі сатыларда өте шекті болғандықтан, сол сатыда қолданылған диалогтарда тек үстірт мағлұмат қана беріле алады. Толық мағлұматты мұндай жағдайда студенттерге ана тілінде беруге болады.

- Оқулықтың шындыққа мүмкіндігінше жақын болуын өте маңызды деп санаймыз. Студент оқыған тілінің іс жүзінде қолданылатынын сезуі керек. Сол үшін көптеген құжаттар, суреттер, шындықтан алынған қысқа жазулар қосамыз. Өмір шындығынан алынған кейбір құжаттарды жаттығуға айналдыра аламыз. Мысалы: түрікше бір дастархан мәзірінен бірнеше жалғау мен жұрнақты өшіру арқылы грамматикалық жаттығу құрастыра аламыз. Немесе танымал бір әннің сөздерінен кейбіреулерін сызып тастасақ ән сөздері тыңдап түсіну жаттығуына айналады. Студенттер әнді тыңдап жетіспейтін сөздерді қосады. Бұл аталған принциптер жалпы принциптер, яғни оқытылатын шетел тілі мен студенттердің ана тіліне мүлде байланысты емес.

3. Түрік тілін оқитын фламандық тіл үйренушілеріміз/ студенттеріміз сабақ барысында қандай қиындықтарға кездеседі және бұл қиындықтарға қандай шешімдер таптық? Бұл қиындықтарға қазақ студенттері де кездесе ме?

Енді фонология, морфология, синтаксис мен лексика салаларындағы мәселелерді қарастырайық. Бұл мәселелер бір жағынан оқытылатын шетел тілімен, екінші жағынан студенттердің ана тілімен байланысты.

Мына диалогтар бірінші сабақ үшін пайдалы көрінеді:

Dinleyiniz ve cevap veriniz:

A

Adınız ne?

Adım Mehmet.

Aslen nerelisiniz?

Aslen: İzmirliyim.

Nerede oturuyorsunuz?

İstanbul'da oturuyorum.

B

Adınız Ali mi?

Hayır, adım Ali değil, adım Mehmet.

Ankaralı mısınız?

Hayır Ankaralı değilim, İzmirliyim.

Edirne'de mi oturuyorsunuz?

Hayır, Edirne'de oturmuyorum,
İstanbul'da oturuyorum.

Бірақ бұл диалогтар бірінші сабақта біздің фламандық студенттеріміз үшін ыңғайсыз. Оларға грамматикалық құбылыстардың барлығын бір мезгілде оқытпау керек. Бұл диалогтарда тәуелдік

Й. Вандевалле. Түрік тілін шетелдіктерге оқыту жөнінде

жалғау (ad-ınız, ad-ım), жіктік жалғау (nereli-siniz, İzmirli-yim), етістіктің нақ осы шақ формасы (otur-uyorsunuz, otur-uorum), зат есімнің септіктерінен жатыс септік (nere-de, İstanbul-da), сұраулы сұрақ (ne, nereli, nerede), күмәнды сұрақ (mi), болымды және болымсыз сөйлем (değil, otur-mu-uorum) үйретіледі. Бұл грамматикалық құбылыстардың кейбіреулері студенттерімізге мүлде таныс емес, сондықтан оларға қиын тиеді. Түрік тілінде кейбір жұрнақтар бір-біріне өте ұқсағандықтан оларды оңай шатастырып алады (асты сызылған жалғауларға назар аударыңыздар):

ad-ım -(I)m = -m, -im, üm, -im, -um

İzmitli-yim -(y)Im = -im, -üm, -im, -um, -yim, -yüm, -yım, -yum

dinle-yiniz -(y)InIz= -iniz, -ünüz, -ınız, -unuz, -yiniz, -yünüz, -
yınız, -yunuz

ad-ınız -(I)nIz = -niz, -nüz, -nız, -nuz, -iniz, -ünüz, -ınız, -unuz

nereli-siniz -sInIz = -siniz, -sünüz, -sınız, -sunuz

Студенттеріміз шатастырмасын деп оқулығымызда жұрнақтарды, жалғауларды араластырмаймыз. Алғашқы төрт сабақта тәуелдік жалғауларды, ілік мен табыс септіктерді, бесінші сабақта жіктік жалғаулар, алтыншы сабақта етістіктің нақ осы шағы мен өзге септіктерді үйретеміз. “Hoşgeldiniz”, “teşekkür ederim” сияқты кейбір құрылымдарды алғашқы сабақтарда тек штамп, клише ретінде ғана үйретеміз. Бірнеше сабақтан кейін студенттердің назарын бұл штамптарға, клишелерге аударып сөздерді талдап грамматикалық жағын түсіндіреміз.

Енді кезегімен фонология, морфология, синтаксис және лексикаға тоқталып өтейік.

3.1. Фонология. Түрік тіліндегі дыбыстар мен дыбыстар тіркестерінің түгелге жуығы студенттеріміздің ана тілі нидерланд тілінде бар, тек қана “ı” дауысты дыбысы және “g” дауыссыз дыбысы жоқ. Бірақ, мысалы, нидерланд тілінде артикльде түрікше “ı” дыбысына жақын “e” дыбысы бар және “g” дыбысын фламандықтар ағылшын және француз тілінен жақсы біледі. Фламандықтарға түрік тілінің дыбыстары онша қиындық келтірмейді. Фламандықтардан гөрі Батыс Еуропада түрікше сөздерді дұрыс айтуда ағылшындар көп қиналады, өйткені ағылшын тілінде мысалы “ö” мен “ü” дауыстылары жоқ. Байқауымызша, фламандық студенттеріміз дауысты дыбыстардың түрік тіліндегі сингармонизм заңына да тез үйренеді. Тәжірибемізге қарағанда фламандықтарға түрік тілінің

фонологиясында ең қиын тиетін, геминаттар яғни қос қарқынды дауыссыздар (etti/eti сияқты). Екі дауыссызды бір ғана дауыссыз сияқты айтады, сол себепті бұл фонологиялық құбылысты арнайы жаттықтыру керек. Одан басқа студенттердің үйренуі қажетті, бірақ түсінуге нұқсан келтірмейтін бірқатар құбылыс бар: түрікшеде g, k, l дыбыстарының кейбір сөздерде жіңішкеруі және әсіресе парсы немесе арабшадан енген кейбір кірме сөздерде дауысты дыбыстардың созылыңқы айтылуы.

Қазақтардың түрікше сөйлегенде кездесетін қиындықтарын сіздер жақсы білесіздер. Менің ойымша, әсіресе түрікшедегі c, j, ç, ş дауыссыз дыбыстары, дауысты дыбыстардың сингармонизм заңындағы айырмашылық және дауыссыздардың жіңішке дауыстылардың алдында жіңішкермеуі қиындық келтіруі мүмкін.

3.2. Морфология. Бұл бөлімде түрік тіліндегі жұрнақ немесе жалғау қабылдау арқылы ең көп өзгертін сөз таптары – зат есім мен етістік туралы сөз етпекпіз.

3.2.1. Түрік тілінде зат есімдердің көптелуі, тәуелдік жалғауларды қабылдауы және септелуі. Мысалы: ev-ler-imiz-de.

1. Зат есімдердің көпше түрін жұрнақпен жасау студенттерімізге қиын тимейді, өйткені нидерланд тілінде де зат есімдердің көпше түрінде жұрнақ (көптік жалғау) қолданылады

2. Тәуелдік жалғауы студенттерімізге мүлде таныс емес, олар білетін ешбір Батыс Еуропа тілінде тәуелдік жалғауы жоқ, орнына зат есімнің алдында тәуелдеу есімдіктері қолданылады. Тәуелдік жалғауларды жаттықтырудың маңызы зор.

3. Септіктер нидерланд тілінде қолданылмайды, бұл нидерланд тілін ең жақын туыстас тілі - неміс тілінен ажырататын бірден-бір ерекшелік. Тек қана орта мектепте неміс немесе латын, көне грек тілін оқыған студенттер септік жалғауын біледі. Тәжірибелерімізге қарағанда студенттерге септік жалғауын меңгерту үшін ең тиімді практикалық тәсіл жалғаулардың қызметін анық және мысалдардың көмегімен бейнелегеннен кейін, түрік тіліндегі әр септіктің негізгі мағынасына сәйкес келетін нидерланд тіліндегі предлогтарды атап көрсету керек. Мұнда әсіресе табыс септік қиындық келтіреді, өйткені нидерланд тілінде табыс септік (яғни тура толықтауыш) үшін предлог қолданылмайды. Сондықтан студенттердің түрікше сөйлеп жатқанда табыс септікті қолдануда өте көп қиналатыны ғажап емес.

Фламандық студенттеріміз түрік тілінде етістіктердің талап ететін септіктерін көбінесе нидерландша сәйкес келетін етістіктер

талап ететін предлогтардың негізінде болжай алады. Әрине, кейбір ерекшеліктер де бар: *bir kimse-ye yardım etmek* (нидерланд тілінде тура толықтауыш қолданады), *bir şey-i düşünmek* сияқты (нидерланд тілінде предлогты топ қолданады). Мұндай етістіктерге ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Қазақ студенттеріне түрік тіліндегі көптік, тәуелдік және септік жалғаулар жүйесі өте таныс болуы керек. Алайда кейбір етістіктер талап ететін септіктер қиын тиюі мүмкін: мысалы: *bir şey-den faydalanmak* / бір нәрсе-ні пайдалану, *bir öğrenci-ye bir kural-ı öğretmek* / бір студент-ке бір ереже-ні үйрету, *bir şey-i paylaşmak* / бір нәрсе-мен бөлісу.

3.2.2 Түрік тіліндегі етістіктердің жіктелуі және шақ формаларының қолданылуы

Фламандық студенттеріміз жіктеу құбылысын біледі, нидерланд тілінде де етістіктер жіктеледі, студенттеріміз білетін француз және неміс тілдерінде жіктеу одан да күштірек. Етістіктің түрік тілінде жіктелуінің өзі оларға жат көрінбейді, бірақ түрік тіліндегі шақ жүйесі мен нидерланд тіліндегі шақ жүйесі арасындағы нақты сәйкестіктерді көрсету өте күрделі. Түрік тілінде мағына жағынан әр шақ үшін бірнеше мүмкіндік бар, жеке формалардың мағынасын бейнелеп көп мысал келтіру арқылы мәселені шеше аламыз.

осы шақ:	-(i)yor, -(e/i)r, -mekte
келер шақ:	-(y)ecek, -(e/i)r, -(i)yor
өткен шақ:	-di, -miş, -miştir
қалау, бұйрық:	-(y)e, -sin, -se
керектілік:	-meli, -(y)ecek, -sin, -mesi gerek

Бұл қиындық тек қана фламандықтар кездесетін бір қиындық емес, қазақ студенттер де кездеседі деп ойлаймын.

3.3 Синтаксис. Енді синтаксиске көшейік. Кезегімен сөз тәртібі мен сабақтас құрмалас сөйлемдерді қарастырайық.

3.3.1. Түрік тіліндегі сөз тәртібі

Түркі тілдеріндегі сөз тәртібінің басты екі ережесі бар

1. Әр сөйлем мүшесінде анықтауыш анықталатын сөздің алдында тұрады, мысалы:

Ілік септіктегі зат есім	öğretmenin çocuğ <u>u</u>
Есімшемен жасалған бағыныңқы сөйлем	koşan çocuk
Послелогпен біріккен зат есім	eve doğru

2. Сөйлемде етістік сөйлемнің аяғында, толықтауыштан кейін тұрады.

Тәртіп мынадай:

бастауыш - толықтауыш – етістік çocuk elmayı **yedi** етістік, толықтауыш ретінде қолданылған Ali'nin geldiğini **biliyorum** бағыныңқы сөйлемнен кейін келеді

Бұл жағдайлар нидерланд тіліндегі жүйемен салыстырылғанда сөздердің сөйлемде орналасу тәртібінің қарама-қарсы екені байқалады. Фламандық студенттер ауызша сөзде де, жазбаша сөзде де түрік тіліндегі сөз тәртібін қолдануға көп қиналады. Сөз тәртібіндегі айырмашылықтар фламандық студенттер үшін түрік тілін үйренуде басты кедергі болады. Түрікше сөйлесу олардан шахмат сияқты ми гимнастикасын жасауды талап етеді. Сөйлеушінің айтқан сөздері мен ойлаған ойлары арасында белгілі мөлшерде параллельдік бар. Мысалы, фламандық студент бір сөйлемді айта бастағанда дереу бастауыштан соң етістікті ойлайды, өйткені етістік оның ана тілінде көбінесе екінші орында келеді. Ал түрікше сөйлескенде студент бұл ойлау жолын өзгертуге тиіс, бастауыштан соң алдымен толықтауышты ойлауы керек. Сөз тәртібіндегі айырмашылықтар, әсіресе, сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру мен түсінуді ауырлатады. Түрік тіліндегі сөз тәртібі қазақ тіліндегі сөз тәртібімен бірдей болғандықтан қазақ студенттері үшін сөз тәртібі саласында қиындық болмауы керек. Енді сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы бағыныңқы сөйлемдерге тоқталып өтейік.

3.3.2. Түрік тіліндегі бағыныңқы сөйлемдер

Батыс Еуропа және орыс тілдеріндегі бағыныңқы сөйлемдерге сай болғандықтан түрік тілі үшін де “бағыныңқы сөйлем” терминін қолданып басты төрт түрлі бағыныңқы сөйлемді ажыратамыз. Алғашқы екі түрді орысша терминдермен атаймыз.

1. Относительное придаточное предложение: түрік тіліндегі есімшелермен жасалған бағыныңқы сөйлемдер.

Бұларды түрік тілінде “-(y)en типі” мен “-diği типі” деп екі типке бөлеміз:

[karıncaları yi-**yen**] balık

[karıncaların ye-**diği**] balık

-(y)en типі

-(y)en

-miş (olan)

-(y)ecek (olan)

-mekte olan

-...

-diği типі

-diği

-(y)eceği

-mekte olduğu

-miş olduğu

...

Й. Вандевалле. Түрік тілін шетелдіктерге оқыту жөнінде

Нидерланд тілі мен қазақ тілінде бұл айырмашылыққа толық сәйкес келетін бір айырмашылық жоқ, біздің студенттеріміз бұл айырмашылықта көп қиналады. Бұдан басқа нидерланд тілінде бағыныңқы сөйлемдер анықталатын зат есімнен кейін келеді және қатыстық есімдікпен басталады. Екі типті үйреніп бір-бірінен ажыратуы үшін студенттерге арнайы жаттығулар орындату керек.

2. Дополнительное придаточное предложение: түрік тіліндегі есімшелер және тұйық етістіктен жасалған бағыныңқы сөйлемдер.

Бұларды да екі типке бөлеміз: «-diği типі» мен «-mesi типі»

[Ali'nin atı döv-**düğü**] doğru. [Ali'nin atı döv-**mesi**] doğru değil.

-diği типі

-diği

-(y)eceği

-mekte olduğu

-miş olduğu

...

-mesi типі

-mesi

-mekte olması

-miş olması

...

Бұл түр бойынша да нидерланд тілі мен қазақ тілінде бұл айырмашылыққа толық сәйкес келетін бір айырмашылық жоқ. Яғни студенттерге үйрену қиынға соғады. Олардың ана тілінде сәйкес келетін бағыныңқы сөйлемдер етістіктен кейін келеді және жалғаулықпен басталады. Екі типті үйреніп бір-бірінен ажыратуы үшін студенттерге бұл түрге сәйкес арнайы жаттығулар орындатуымыз керек.

3. Түрік тіліндегі көсемшелермен және көсемшелердің баламасы болып табылатын құрылымдармен жасалған бағыныңқы сөйлемдер.

Бұларды да екі типке бөлеміз: жіктелмейтін нағыз көсемшелер, және жіктелетін құрылымдар, яғни көсемше баламалары:

[Siz gel-**ince**]

жіктелмейтін тип

= **нағыз көсемше**

-(y)ip

-(y)erek

-(y)ince

-meden önce

-dikten sonra

-(y)eli

-dikçe

...

[Siz gel-**diğ-iniz zaman**]

жіктелетін тип

= **көсемше баламасы**

-diği zaman

-diğinde

-diği için

-diğinden (dolayı)

-diği hâlde

-diği takdirde

-diğine göre

...

Нидерланд тілінде бұл логикалық немесе уақыттық байланыстар жалғаулықпен басталатын бағыныңқы сөйлемдермен білдіріледі. Түрік тіліндегі өзге бағыныңқы сөйлемдермен салыстырғанда бұл құрылымдарда фламандық студенттеріміз аз қиналады. Типтерді бір-бірінен ажырату да қиын емес, белгілі бір құрылымның қай типке жататыны айқын көрінеді. Фламандық студенттерімізге әр құрылымның мағынасын бейнелеп бірнеше мысал келтіреміз және ең маңыздысы нидерланд тіліндегі сол құрылымдарға толық сәйкес келетін жалғаулықтарды атап көрсетеміз. Осылайша олар қажетті құрылымды тандап алуда қиналмайды. Қазақ тілінде жалпы алғанда бұл жүйеге сәйкес келетін жүйе бар, көп қиындықтар кездеспейді деп ойлаймын.

4. Түрік тіліндегі шартты бағыныңқы сөйлемдер. Бұларды да басты екі типке бөлеміз, оларды “Realis” мен “Irrealis” деп атаймыз. Жалпы алғанда бірінші тип болуы мүмкін бір жағдайды, екінші тип болса шындыққа келмейтін немесе өткен уақытта болмай қалған бір жағдайды білдіреді.

[Çalış-**ir**san] sınavdan geçersin

[Çalış-**saydın**] sınavdan geçerdin

“Realis” деген тип

-(i)yorsa
-(i/e)rse
-(y)ecekse
-diyse
-mişse

...

“Irrealis” деген тип

-se
-seydi
-seymiş
-...

Өз тәжірибеме қарағанда екі типті бір-бірінен ажырату фламандық студенттерге ақыл-ой процесі тұрғысынан көп қиындықтар келтіреді. Қазақ тіліндегі шартты сөйлем жүйесі түрік тіліндегіден көп ерекше. Сол себепті қазақ студенттері де түрік тіліндегі шартты сөйлемдер оқығанда қиналады деп ойлаймын.

Грамматика туралы бұл аталғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады: түрік және нидерланд тілінің арасындағы терең айырмашылықтар тілдік тәжірибесі шекті кейбір фламандықтар үшін түрік тілін толық үйренуге кедергі болып көрінеді. Алғашқы кезеңде түрік тілін үйренгісі келетін әр түрлі мамандық иелеріне түрік тілін үйреттік.

Сол себепті бірінші сатыда қолайлы және жеңіл бір түрік тілін оқытуға шешім қабылдадық. Оқулығымыздың бірінші томы

қарапайым, жеңіл грамматикалық жүйеге ие: диалогтарда қысқа жай сөйлемдер қолданамыз, грамматика зат есімнің көптік, тәуелдік және септік жалғаулары, етістіктің үш шағы және бұйрық раймен шектеледі. Саналы түрде алдымен ең жиі қолданылатын, ең кең тараған құрылымдардың оқытылуын талап ететін статистикалық тәсілдемеден ауытқып кетеміз. Мысалы бірінші томда

Ali Bey'le konuşabilir miyim?

деген кең тараған, бірақ күрделі құрылымның орнына тұйық райды пайдаланатын

Ali Bey'le konuşmak mümkün mü?

деген қарапайым құрылымды үйретеміз. Мамандықтарының контексті ішінде түрік тілі арқылы Бельгиядағы түріктермен қарым-қатынас жасауды көздейтін тіл үйренушілер үшін бұл қарапайым грамматикалық жүйе жеткілікті. Олар бірінші сатының аяғында үйренгендеріне қанағат етіп курстан шыға алатын. Бұл тәсіл университетте де жүзеге асырылады, оны студенттерімізге де ыңғайлы деп санаймыз. Әрине, студенттер бірінші сатыны бітіргеннен соң курстан шықпай-ақ екінші сатыға көшеді. Оқулықтың екінші томының грамматика саласындағы мақсаты бірте-бірте түрікшенің әдеттегі күрделі грамматикалық жүйесіне жақындау. Оқулықтың екінші томын бітіргеннен кейінгі сабақтарда тек қана шындықтан таңдап алынған, күрделі мәтіндермен жұмыс істейміз.

Университетте оқулықты негізге алатын курстан тыс екі қосымша курс ұйымдастырдық. Біріншісі – ауызша сөз іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үшін арнайы сұхбаттасу курсы. Ол курста тек қана түрік тілінде сөйлейміз. Курста өмір шындығына сай ситуациялар жасалады, сценарийлар арқылы жаттықтырылады, рөлді ойындар ойналады. Екінші қосымша курс – арнайы грамматика курсы, мақсаты – студенттерімізге түрік тілінің жалпы жүйесін, логикасын үйрету. Ол курста түрік тілінің әр ережесінің жалпы жүйенің ішіндегі орны түсіндіріледі. Сол сабақтардағы детальды теориялық түсініктемелер нидерланд тілінде беріледі.

3.4. Лексика. Оқулығымыздың негізі болып табылатын диалогтарды құрастырмас бұрын сол диалогтарда қолданылатын лексиканы анықтау барысында мына принциптерге сүйендік: Үш категориядан сөз іріктеп алдық.

1. Түрік тілінде жиі қолданылатын және кең тараған сөздер.

2. Белгілеген тақырыптарға, белгілі семантикалық өрістерге байланысты сөздер.

3. Оқулықта қолдану үшін өмір шындығынан алынған құжаттарда кездесетін сөздер.

Семантикалық өрістерді мүмкіндігінше толық беруге көңіл бөлдік. Мысалы, біреу “evli misiniz?” деп сұраса студент “bekârim, arkadaşım var, nişanlıyım, evliyim, dulum, boşandım...” сияқты әр түрлі жауапты қайтара алуға тиіс.

Түрік тілі үндіеуропалық тілдер шоғырына жатпайтын тіл болғандықтан түрік тілінің лексикасы жалпы алғанда фламандық студенттерімізге жат. Бұл фламандық студенттерге түрік тілін оқуды қиындатады.

Бірақ лексиканы үйренуді жеңілдететін бір фактор түрік тіліне Еуропа тілдерінен, әсіресе француз тілінен енген кірме сөздер бар, көбісі интернационалдық сөз деп аталатын бұл кірме сөздер студенттерімізге ана тілі нидерланд тілінен немесе олар үйренген өзге Еуропа тілдерінен таныс болуы мүмкін. Мысалы:

taksi, otobüs, metro, telefon, televizyon

Түрік тілімен ортақ бұл сөздердің осы тілдердегі мағынасы түрікшемен бірдей болса, оларды жиілігіне қарамастан диалог пен жаттығуларымызда қолдана аламыз.

Қазақ студенттері үшін жағдай өзгеше, түрік тіліндегі кірме сөздердің қазақ тілі мен түрік тілі бір тіл тобына, түркі тілдері тобына жатқандықтан және тарихи тұрғыдан бір мәдениет аумағына кіргендіктен ортақ түркі, араби және парсы сөздердің саны өте жоғары. Көптеген ортақ сөздерде фонологиялық өзгерістердің нәтижесінде айырмашылықтар пайда болған. Мысалы: түрік тіліндегі сөз басындағы у- дыбысына қазақ тілінде ж- дыбысы сәйкес келеді. Түркологияда осыған ұқсас бірқатар сәйкестіктер анықталған. Мұндай сәйкестіктерді білетін студенттер түрік және қазақ тілдеріндегі ортақ сөздерді жылдамырақ таниды.

Тілді үйренгенде мағыналары әр түрлі, бірақ тұлғалары бірдей сөздер қате түсініп қолдану қаупі бар. Бұл қауіп “аудармашының жалған достары” деп аталады. Жалған достар тобына интернационалдық сөздер де кіреді: Мысалы, түрік тіліндегі “enteresan” сөзінің мағынасы нидерланд тіліндегі “interessant” сөзінің мағынасынан өзгеше. Ана тілі түркі тілдері тобына жататын студенттерге түрік тілін оқыту барысында бұл мәселеге арнайы көңіл

бөлу керек. Ортақ түркі, араб және парсы сөздерінің ішінде «жалған достар» өте көп. Мысалы түрікше “bilim” сөзі мағына жағынан қазақша “білім” сөзіне сәйкес келмейді, “ғылым” сөзіне сәйкес келеді.

4. Қорытынды. Бұл мақалада әуелі фламандықтарға түрік тілін оқытуға арналған “Haydi Türkçe Konuşalım” оқулығын құрастыру барысында қандай жалпы принциптерді қолданғанымызды түсіндірдік. Бұл принциптерді оқытылатын әр тіл үшін және студенттердің тілдік тәжірибесіне қарамастан жүзеге асыруға болады.

Содан соң фонология, морфология, синтаксис және лексика салаларын қарастырдық. Бұл салаларда фламандық студенттеріміз, басқа да тіл үйренушілеріміз қандай қиындықтарға кездесетіндігіне көз жеткіздік.

Студенттердің тілдік тәжірибелерін есепке алудың маңызын көрдік. Тілдік тәжірибе дегенде тек қана студенттердің ана тілін емес, олар үйренген шетел тілдерінің барлығын да ескеруіміз қажет. Оқыту процесінде бұл тілдік тәжірибенің тиімді жақтарын пайдалана аламыз.

Тіл үйрену тәжірибесі жағынан бір-біріне ұқсас студенттерге сабақ оқытқанда олар жеңіл түсінетін мәселелермен уақыт жоғалтпай, бірден оларға қиын тиетін күрделі тақырыптарды жете түсіндіріп интенсивті түрде жаттықтыра аламыз. Осылай оқу процесін жеделдетуге болады. Студенттердің тілдік тәжірибесі әр түрлі болған жағдайда топтың ішіндегі әр студенттің тілдік мұқтаждықтарына көңіл бөлуге, ешбіреуін ұмытпауға тырысуымыз керек.

Адамдар арасында көпірлер құратын тілдерді бәріміз үйренейік, үйретейік.